

ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫ ТЕОРИЯ ПОЗНАНИЯ THEORY OF KNOWLEDGE

<https://doi.org/10.31489/2025HPh3/201-211>
ӨЖ 02.15.21; 02.41.11

Мақаланың редакцияға түскен күні: 21 ақпан 2024 ж.
Қабылданған күні: 4 мамыр 2025 ж.

Д.К. Кусбеков*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: dumandoc@mail.ru)

Сана мәселесі: когнитивтік натурализм және мистериандық

Мақалада сананың философиялық мәселесі зерттеліп, «Неліктен сана бар?» деген сұрақ талқыланған. Сананың қиын мәселесі төңірегіндегі қазіргі пікірталастар аясында когнитивтік натурализм мен «жаңа» мистериандықтардың (New Mysterianism) қарама-қайшы ұстанымдары қарастырылады. Зерттеудің мақсаты — әр көзқарастың мықты және әлсіз жақтарын айқындау және оларды біріктірудің мүмкін жолдарын белгілеу. Осы мақсатқа жету үшін бірнеше әдістер қолданылды: аналитикалық (негізгі ұғымдар мен аргументтерді талдау), феноменологиялық (субъективті тәжірибені нақтылық ретінде есепке алу), тарихи-философиялық (дуализмнен қазіргі теорияларға дейінгі көзқарастардың дамуын қарастыру), салыстырмалы (натуралистер мен мистериандықтардың ұстанымдарын салыстыру), сыни (аргументтердің негізділігін бағалау) және рефлексиялық (таным шекаралары туралы пікірлер). Зерттеу нәтижелері когнитивтік натурализмнің эволюциялық биология мен нейроғылым деректеріне сүйене отырып, сананың пайда болуын ғылыми түрде түсіндіретінін көрсетеді, ал мистериандық сананың феномені адам интеллектісі үшін түбегейлі танылмайды деп есептейді. Дуализм, панпсихизм, ақпараттық теориялар, элиминационизм және феноменология секілді балама көзқарастар және объективті шындық пен субъективті тәжірибе арасындағы алшақтықты жоюға бағытталған заманауи зерттеулер талқыланады. Сананың табиғаты туралы соңғы шешім әлі табылмағанымен, осы екі жақты бағыт арасындағы диалог мәселенің тереңірек түсінілуіне ықпал етеді. Сананың күрделілігін мойындау эмпирикалық оптимизм мен эпистемологиялық қарапайымдылықты қажет етеді.

Кілт сөздер: сана, когнитивтік натурализм, мистериандық, сананың қиын мәселесі, түсіндірмелік алшақтық, нейроғылым, эволюциялық биология, феноменологиялық тәжірибе, qualia, панпсихизм, дуализм, ақпараттық сана теориялары, элиминативизм, нейрофеноменология.

Кіріспе

Сананың табиғаты мәселесі, ғылым мен философиядағы ең күрделі әрі жұмбаққа толы тақырыптардың бірі. Сана дегеніміз не? Бұл сұрақ зерттеушілерді Д. Чалмерс тұжырымдаған сананың «қиын мәселесіне» алып келеді. Физикалық мидағы процестер қалайша субъективті тәжірибені тудырады? Соңғы жиырма-отыз жылдықтарда осы сұраққа әртүрлі көзқарастар қалыптасты. Когнитивтік натуралистер сананың табиғаттың бір бөлігі екенін және оны эволюциялық биология, нейроғылым және когнитивтік ғылымдардың әдістерімен ғылыми түрде түсіндіруге болатынын алға тартады. Ал «жаңа мистериандық» бағытын жақтаушылары сананың қазіргі әдістермен, мүмкін ешқашан толық таныла алмайтынын, өйткені адам миы когнитивтік шектеулерге ие екенін айтады. Яғни, сана мәселесіне келгенде таным мүмкіндіктерінің шектеулігі айқын екенін алға тартады.

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: dumandoc@mail.ru

Бұл екі көзқарастың ортасында басқа да концепциялар бар. Классикалық дуализм сана физикалық емес мәнге ие деп санайды. Панпсихизм тіпті қарапайым бөлшектердің өзінде сана бастаулары бар деген пікірді ұстанады. Ақпараттық-функционалдық теориялар сананы ақпараттық өңдеумен байланыстырады. Элиминационизм сананы тәуелсіз феномен ретінде жоққа шығарады. Феноменология сананы тәжірибелік құбылыс ретінде зерттейді.

Тақырыптың өзектілігі сананың табиғатын түсінудің теориялық маңыздылығы нейроғылымдар, жасанды интеллект пен философиядағы практикалық салдарларымен анықталады. Осы мақалада когнитивтік натурализм мен мистериандықтың қарама-қайшы ұстанымдары талданады және олардың дәлелдері қарастырылады. Сонымен қатар, заманауи зерттеулер мен балама теориялар талқыланып, пікірталас аясы көрсетіледі.

Зерттеу мақсаты натуралистік және мистериандық көзқарастардың мықты және әлсіз жақтарын анықтап, оларды біріктіруге немесе толықтыруға бола ма деген сұраққа жауап беру деп жоғарыда атап өттік. Осыған байланысты келесі зерттеу сұрақтары туындайды: 1) Когнитивтік натуралистер сананың пайда болуы мен қызметін қалай түсіндіреді және осы түсініктер қаншалықты ақиқатқа жақын? 2) Мистериандықтар сананың танылмайтындығы туралы қандай негіздерге немесе дәлелдерге сүйенеді? 3) Әр көзқарасты қолдайтын немесе жоққа шығаратын қандай теориялық және эмпирикалық деректер бар? 4) Сананы түсінуді алға жылжыту үшін осы көзқарастарды синтездеу мүмкін бе?

Сана мәселесі қазіргі философия мен когнитивтік ғылымда кеңінен талқылануда. Д. Чалмерс 1995 жылы енгізген «сананың қиын мәселесі» концепциясы мидағы нейрофизиологиялық процестерінің субъективті тәжірибемен неге бірге жүретінін түсіндіру қажеттілігін көрсетеді [1; 200-219]. Бұған дейін Т. Нагель «Жарқанат болу деген не?» (1974) атты әйгілі эссесінде объективті ғылым үшін субъективті көзқарастың қолжетімсіздігін көрсеткен болатын [2; 435-450]. Дж. Левин «түсіндірудегі алшақтық» (explanatory gap) терминін енгізіп, мидың физикалық сипаттамасы мен ішкі сезімталдықтың арасындағы айырмашылықты айқындады [3; 354-361]. Бұл еңбектер сананың үшінші жақтан сипатталуы мен бірінші жақтан тәжірибеленуі, яғни объективті шындық пен субъективті қабылдаудың арасындағы терең алшақтық бар екенін және оны түсіндіру қажеттігін көрсетті.

Когнитивтік натурализм ғылыми монизм мен оптимизмнің ұстанымы. Бұл бағыттың өкілдері (Д. Деннет, П.С. Черчленд, О. Фланаган және т.б.) физикализмді жақтайды және сананы табиғаттың бір бөлігі ретінде қарастырып, оны басқа табиғи құбылыстар сияқты ғылыми әдістермен зерттеу керек деп санайды. Д. Деннет «Сана: түсіндірме» («Consciousness Explained», 1991) кітабында «көптеген жобалардың нұсқалары» моделін ұсынды, оған сәйкес мида сананың біртұтас орталығы жоқ деген қорытындыға келеді [4]. Сана ол мидың біріктіретін қосалқы (параллель) ақпараттық үдерістер жиынтығы. Осы тұрғыдан алғанда, qualia (сезінудің субъективті сапасы) ешқандай құпиялы құбылыс емес, керісінше, нейрондық механизмдер жұмысының туындысы болып табылатын когнитивтік елес (иллюзия) болуы мүмкін. Натурализмнің тағы бір ықпалды өкілі, нейрофилософ П.С. Черчленд сананы зерттеуде нейроғылымның орталық рөлін атап көрсетеді және скептиктердің пессимизмін сынайды. 1996 жылы жазған «Алдау мәселесі» («The Hornswoggle Problem») атты мақаласында ол витализммен (өмірлік күш туралы ілім) ұқсастық жүргізеді. Биология бір кездері витализмді жоққа шығарған сияқты, дәл сол сияқты нейроғылым да уақыт өте келе сананың құпиясын ашуы мүмкін. Сондықтан «сананы тану мүмкін емес» деген тезис түбегейлі дұрыс болмауы ықтимал [5; 402-408]. Натуралистер сананың эволюциялық шығу тегін ерекше атап өтеді, мүмкін ол, ақпаратты біріктіру және жоспарлау үшін бейімделу функциясы ретінде пайда болған, бұл өз кезегінде тірі қалу үшін артықшылық берді.

Сананың табиғатын танып білу мүмкін емес деген де ұстанымдар болды. Осындай ұстанымның негізгі өкілдерінің бірі К. Макгинн. Ол когнитивтік жабықтық (cognitive closure) идеясына негізделген көзқарасты ұсынды. «Адам миы туа біткен түрде материяның сананы қалай тудыратынын түсінуге қабілетсіз» [6; 349-366]. 1989 және 1991 жылдардағы «Біз сана мен дене мәселесін шеше аламыз ба?» («Can We Solve the Mind-Body Problem?») атты мақаласында К. Макгинн сананың нейрондық үдерістерден табиғи түрде пайда болатынын, бірақ бұл өтпелі механизмнің біз үшін түбегейлі танып-білуге келмейтінін алға тартады [7]. Ол мида физикалық пен феноменалдық арасындағы «көпір» рөлін атқаратын «жасырын құрылым» болуы мүмкін екенін болжайды, бірақ бұл құрылым біздің танымымыз үшін қолжетімсіз. К. Макгинн өз көзқарасын «трансценденталдық натурализм» деп атайды. Сана — табиғаттың бір бөлігі, бірақ оны адам түсіндіре алмайды.

Осылайша, мистериандықтар ешқандай тылсым нәрсені мойындамайды, керісінше, реалистер болып табылады, бірақ эпистемологиялық шектеулер сананың сырын ашуға мүмкіндік бермейді. Сананың пайда болуының эволюциялық сценарийлері осыны қолдайды. Сонымен қатар, ғылыми көзқарас аясында нақты теориялар ұсынылған. Мысалы, «Жаһандық жұмыс кеңістігі теориясы» (Global Workspace Theory, В. Баарс, 1988; С. Деан, 2014 жылдары) сананы мимен ақпараттың кең таралуының нәтижесі ретінде түсіндіреді [8], [9]. Дж. Тононидің «Интеграцияланған ақпарат теориясы» (Integrated Information Theory) сананың болуын жүйедегі интеграцияланған ақпараттың көлемімен байланыстырады [10; 216-242]. Ми ерекше жоғары деңгейде интеграцияланған, сондықтан бірыңғай саналы өріс қалыптасады. Бұл тәсілдер субъективті тәжірибе мен нейрондық жүйелердің объективті өлшемдерін байланыстыру арқылы «түсіндірмелік алшақтықты» біртіндеп азайтуға ұмтылады. «Жаңа мистериандық» терминін О. Фланаган (1991) сананың адам интеллектісі үшін шешілмейтін мәселе екенін жақтаушылардың көзқарастарын сипаттау үшін енгізді.

Когнитивтік жабықтықты қолдайтын аргументтерге тоқталайық.

1) Эволюция интеллектіні метафизикалық мәселелерді шешу үшін емес, практикалық міндеттерді шешу үшін дамытты, сондықтан «Саналы адамның» (Homo sapiens) өз санасын түсіну үшін қажетті «құралдары» болмауы мүмкін;

2) Сананың айқын теориясының жоқтығы, нейроғылыми деректердің көптігіне қарамастан, белгілі бір үдерістердің субъективтік тәжірибелермен неге қатар жүретінін түсіндіре алмаймыз. Объективті шындық пен субъективті сипаттама арасында әйгілі «түсіндірмелік алшақтық» бар. Егер ғалымдар санаға байланысты қанағаттанарлық гипотезаны тұжырымдап ұсына алмаса, онда біз ақыл-ойдың шегіне жеткен болуымыз керек. Т. Нагель (өзін «жаңа мистериан» деп санамағанымен) ғылымның «үшінші жақтан бірінші жаққа» өтетін «көпірдің» жоқтығын көрсетті және мәселені шешу үшін түбегейлі жаңа концепциялар қажет болуы мүмкін екенін мойындады. Когнитивтік натурализм мен мистериандықтан бөлек, сананы түсіндіруде басқа әртүрлі тәсілдер мен көзқарастар бар екендігін алға тартты.

Сананың ерекше материалдық емес мәнін немесе іргелі психофизикалық заңдарды түсіндіре отырып, классикалық картезиандық дуализмнен бастап қазіргі заманғы дуализмге дейінгі теориялар, негізінен, «Неліктен сана бар?» деген сұрақты алып тастауды ұсынады. Осылайша, Д. Чалмерс «сананың қиын мәселесі» тұжырымдағанымен, оның шешімі ғылыми дүниетанымның кеңеюімен мүмкін деп оптимистік көзқарас ұстанады. Физикалық күйлерді тәжірибемен байланыстыратын жаңа заңдар болуы мүмкін деп болжайды.

Панпсихизм дуализм мен физикализм арасындағы «орта жол» ретінде танымал болуда. Г. Стросон мен Ф. Гоффың пікірінше, «сана, материяның іргелі қасиеті, тіпті қарапайым бөлшектердің де қандай да бір протосаналығы бар» деген ұстанымға жақын [11; 3-31]. Адам санасы көптеген микротәжірибелердің бірігуінен пайда болады. Бұл көзқарас сананың сезімтал емес материядан пайда болуының «ғажайып» құбылыс екенін жояды және сезім шындықтың өзіне тән қасиеті екенін алға тартады. Сонымен қатар, ақпараттық теориялар субъективті сананы мидағы объективті өлшенетін ақпараттық өңдеу үдерістерімен байланыстыруға тырысады.

Элиминационизм немесе елес (иллюзионизм) П. Черчленд пен К. Фрэнкиштің радикалды көзқарасына сәйкес, бұл бағыттың өкілдері сананың өзін күмәнға салады. Олар біздің санамыз туралы интуитивті түсініктеріміз, әсіресе, редукцияланбайтын «qualia» (сезінудің субъективті сапасы) ұғымы, ғылыми негізі жоқ қате тұжырымдар деп есептейді [12; 11-39]. Сондықтан, болашақта бұл түсініктер нейробиологиялық процестерді ғылыми сипаттаумен алмастырылады. Бұл тұрғыдан алғанда, санаға қатысты «құпия» деген мәселе шын мәнінде жоқ, тек күрделі нейрондық функциялар бар, ал адамның санасына бұл процестерді «құпиялы» етіп көрсететін оның интроспекциясының шектеулігі.

Феноменологиялық дәстүр (Э. Гуссерль, М. Мерло-Понти және т.б.) сананың ғылыми түсіндірмесінен гөрі оның құрылымын бірінші тұлға позициясынан сипаттауға тырысады. Феноменология сананы бастапқы, «тірі тәжірибе» ретінде қарастырады және оның қалай қабылданатынын, субъективті күйде қалай көрінетінін талдайды. Бұл тәсіл қазіргі философияға айтарлықтай ықпал етіп, сананың теориялық түсіндірмесінде тікелей тәжірибенің деректерін ескерудің маңыздылығын көрсетеді. Мен сеземін және сезінемін.

Осылайша, қазіргі сананы зерттеуге арналған әдебиеттер редукционизмнен бастап, оның түсініксіздігі туралы көзқарастарға дейін әртүрлі ұстанымдарды қамтиды. Әрбір тәсіл белгілі бір философтардың еңбектеріне негізделеді. Бұл мақала когнитивтік натурализм мен мистериандық

ұстанымдарын Д. Чалмерс, Д. Деннет, П.С. Черчленд, К. Макгинн, Т. Нагель және т.б. да авторлардың идеяларының аясында талқыланады. Сонымен қатар, Дж. Тононидің «Итеграцияланған ақпарат теориясы» (ИАТ), Г. Стросонаның панпсихизмі және К. Фрэнкиштің элиминационизмі (елес) сияқты тұжырымдамаларды қарастырып, натурализм мен мистериандықтың салыстырмасын қазіргі ғылыми-философиялық дискурсқа енгізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдістері

Бұл зерттеу теориялық-философиялық сипатқа ие болғандықтан, әртүрлі өзара толықтыратын әдістер пайдаланылды. Аналитикалық әдіс негізгі ұғымдарды нақтылау үшін қолданылды (мысалы, сана, qualia, «қиын мәселе» ұғымдарын анықтау) және әртүрлі аргументтерді логикалық компоненттерге жіктеуге көмектесті. Осы әдіс арқылы когнитивтік натурализм мен мистериандықтың негізгі тезистері, олардың басты қағидалары мен қорытындылары талданды. Салыстырмалы әдіс (компаративтік талдау) екі қарама-қарсы көзқарасты бірнеше өлшем бойынша салыстыруға мүмкіндік берді. Сананың пайда болуы туралы түсінік, ғылыммен байланысы, танымдық шектеулері, аргументтерінің мықты және әлсіз жақтары. Сонымен қатар, дуализм, панпсихизм, элиминационизм және феноменология сияқты балама тәсілдермен салыстыра отырып, натурализм мен мистериандықтың ерекшеліктерін анықтауға көмектесті. Тарихи-философиялық әдіс бұл идеялардың шығу тегін зерттеуге және олардың эволюциясын түсінуге мүмкіндік берді. Платоннан бастап, Декарттық дуализм мен ХІХ ғасырдағы виталистік пікірталастардан қазіргі кезеңге дейінгі (мысалы, «сананың қиын мәселесі» тұжырымдамасы және ХХ ғасырдың аяғындағы «жаңа мистериандықтың» пайда болуы) идеялардың даму жолы қарастырылды. Бұл қазіргі пікірталастардың тарихи аналогтары бар екенін көрсетіп, мистериандық пен витализм немесе ғылымдағы агностицизм арасындағы параллельдерді ашуға көмектесті. Феноменологиялық әдіс теорияларды талдау кезінде субъективті тәжірибе мазмұнын ескеруге мүмкіндік берді. Бұл зерттеу тек объективті механизмдермен шектелмей, сананың феноменін назарда ұстауға тырысты. Әсіресе, ұсынылған түсініктемелердің бірінші тұлғалық сананың ерекшеліктерін (тұтастығы, интенционалдылығы, сезімдері және т.б.) қаншалықты қамти алатыны ескерілді. Сыни-рефлексивті әдіс әрбір көзқарастың логикалық үйлесімділігі мен ғылыми деректерге сәйкестігін бағалауға бағытталды. Мысалы, сананың «танылмайтындығы» туралы тезистер фальсификациялану тұрғысынан тексерілді, ал натуралистік гипотезалар «түсіндіру алшақтығы» мәселесі бойынша талданды. Рефлексиялық тәсіл философиялық зерттеудің шекараларын анықтауға көмектесті. Қолданылған әдістер мен тұжырымдамалардың қорытындыға ықпал етуі мүмкін екенін ескере отырып, кейбір мәселелер метадеңгейде қарастырылды. Мысалы, егер сананы иллюзия ретінде қабылдасақ, оны түсіндіру мәселесі мүлде басқаша қойылуы мүмкін.

Барлық әдістер кешенді түрде қолданылды. Аналитикалық және салыстырмалы талдау зерттеудің негізін құраса, тарихи-философиялық және феноменологиялық тәсілдер оның контекстін кеңейтті. Сыни-рефлексия нәтижелердің объективтілігі мен философиялық тұрғыдан негізділігін қамтамасыз етті. Мұндай көпқырлы және пәнаралық әдістеме сананың күрделі табиғатына сәйкес келеді, өйткені бұл мәселе эмпирикалық ғылым мен философиялық анализді, сондай-ақ субъективті тәжірибені біріктіруді талап етеді.

Нәтижелері

Жүргізілген талдау негізінде сананың табиғаты туралы бірқатар тексеруге болатын нәтижелерді ұсынуға болады:

1) Сананың эволюциялық-адаптивті функциясы бағыты. Сана эволюция барысында организмдерге бейімделу артықшылығын бергендіктен пайда болды. Егер бұл рас болса, онда сана бастамалары бар түрлер толығымен санасыз жүйелермен салыстырғанда тірі қалу мен күрделі мінез-құлықта артықшылыққа ие болуы керек. Эксперименттік тексеру ретінде әртүрлі жан иелерінің (немесе ЖИ модельдерінің) когнитивтік қабілеттерін салыстырмалы зерттеу жүргізуге болады. Егер саналы қабылдау оқыту, әлеуметтік өзара әрекеттесу немесе мінез-құлық икемділігін жақсартатынын дәлелдесе, бұл гипотезаның дұрыстығын растайды. Мысалы, өздерін тану қабілетін көрсететін жануарлар өзгермелі ортада жаңа тапсырмаларды сәттірек орындайды деген болжам жасалады.

2) Мистериандық (когнитивтік шектеулілік) бағыт. Адам интеллектісінің туа біткен шектеулері бар, сондықтан сана механизмін түсіну бізге түбегейлі түрде мүмкін емес. Бұл жағдайда біз нейрондық корреляттардың толық білімін алғанның өзінде, оларды субъективті тәжірибемен

концептуалды байланыстыра алмаймыз. Бұл гипотезаны жанама түрде тексеру үшін, егер нейроғылымда үлкен жетістіктер болғанымен, түсіндіру алшақтығы азаймаса, онда бұл гипотеза қолдау табуы мүмкін. Сондай-ақ, гипотезаны басқа интеллект түрін, озық жасанды интеллект немесе басқа ақылды тіршілік иесін сана мәселесін шешу үшін пайдалану арқылы сынауға болады. Егер олардың бірі сананың құпиясын ашса, бұл гипотезаны жоққа шығарады. Ал егер көптеген жылдар бойы жүргізілген қарқынды зерттеулер бізді сананың және санадағы тәжірбиені сезінудің сапасы қалай пайда болатынын түсінуге жақындатпаса, онда адамзат үшін бұл мәселеде еңсерілмейтін шектеу бар деген қорытынды жасауға негіз болады.

3) Интеграциялық-ақпараттық бағыт. Жүйенің саналылық дәрежесі оның ішінде интеграцияланған ақпарат деңгейімен анықталады. Бұл гипотезаға сәйкес, ақпараттың жоғары деңгейде интеграциялануы бар кез келген физикалық жүйе белгілі бір дәрежеде санаға ие болуы мүмкін, тіпті ең төменгі деңгейде болса да. Гипотезаны тексеру үшін әртүрлі жүйелер мен күйлерде ақпараттық үдерістердің интеграциялану индексін өлшеп, оны сананың белгілерінің бар-жоғымен салыстыруға болады.

4) Панпсихизм (сананың әмбебаптық бағыты). Сана материяның негізгі қасиеті, ол тіпті қарапайым бөлшектерде де микросананың түрінде бар, ол жай ғана әртүрлі деңгейдегі күрделілікпен көрінеді, сондықтан ол бүкіл ғаламда кездеседі. Бұл гипотеза бойынша, «сана неге бар?» деген сұрақты қою қате, өйткені ол бастапқыда реалдылықтың құрылымына енген және ерекше тудыруды қажет етпейді. Эволюция тек микросаналық элементтерді макросаналыққа біріктіреді. Бұл гипотезаны тікелей эмпирикалық жолмен тексеру қиын, бірақ оның болжамдары бар. Егер сана мен санасыз жүйелер арасында айқын шекара болмаса, яғни, сана біртіндеп дамитын болса, онда бұл гипотезаны қолдайтын дәлел болар еді. Мысалы, миы жоқ қарапайым тіршілік иелерінде субъективті сезімдердің бар екені анықталса, бұл панпсихизм көзқарасына сай келеді. Алайда, қазіргі кезде панпсихизм әлі де метафизикалық гипотеза ретінде қарастырылады және ол жаңа теориялық ізденістерге серпін береді.

5) Элиминационизм (сананың елесі) ретіндегі бағыты. Субъективті тәжірибе (qualia), тек ми құрған иллюзия, жоғары деңгейде ақпарат өңдеу әдісі ғана. Бұл гипотезаға сәйкес, сана тәуелсіз құбылыс ретінде жоқ, сондықтан «ол неге бар?» деген сұрақтың өзі қате қойылған. Егер бұл гипотеза дұрыс болса, онда «саналы тәжірибе» деп атайтын барлық құбылыстарды санасыз ақпаратты өңдеу және шешім қабылдау механизмдері арқылы түсіндіруге болады. Бұл гипотезаның болжамы бойынша, жасанды интеллект сананы толықтай имитациялай алады, бірақ ешқандай субъективті сезімге ие болмайды. Бұл гипотезаны тексерудің бір жолы, егер робот немесе бағдарлама адамның барлық саналы мінез-құлқын қайталай отырып, өзін саналы деп мәлімдесе, бірақ біз оның ешқандай субъективті тәжірибесі жоқ екенін білсек, онда бұл сананың иллюзия екенін көрсетеді. Сонымен қатар, адамда сананың субъективтілігін өзгертуге болатындығын дәлелдейтін зерттеулер жүргізуге болады. Егер белгілі бір дәрі-дәрмектер немесе жасанды құралдар арқылы адамның «Мен» сезімін уақытша жоғалтуына немесе керісінше, қандай да бір сыртқы себептерсіз жаңа сезімдерді «қабылдауына» себеп болса, бұл сананың ми құрылымымен жасанды түрде құрастырылатынын дәлелдеуі мүмкін. Онда өздеріңіз қорытынды шығара беріңіздер.

Ұсынылған нәтижелер сана мәселесіне әртүрлі көзқарастарды көрсетеді және болашақ зерттеулерге бағыт-бағдар бере алады. Оларды тексеру оңай жұмыс емес, шығармашылық эксперименттік әдістер мен философтардың, нейробиологтардың және жасанды интеллект мамандарының арасындағы пәнаралық ынтымақтастықты талап етеді. Дегенмен, мұндай гипотезаларды тұжырымдаудың өзі құнды, өйткені ол біз теориялық тұрғыдан санадан не күтетімізді нақтылап, қандай фактілер белгілі бір тұжырымдардың пайдасына дәлел бола алатынын анықтауға көмектеседі.

Талқылау

Когнитивтік натурализмнің рөлі. Жүргізілген талдау көрсеткендей, натуралистік тәсілдің ғылыми зерттеулерде үстемдік етуінің бірнеше маңызды себептері бар. Біріншіден, эмпирикалық ғылымға сүйенуі ол әдісті прогрессивті және болашағы бар етеді. Соңғы отыз жылда натурализм бағыты нақты жетістіктерге жетті. Мәселен, ми құрылымдарындағы сананың нейрондық корреляттары анықталды, когнитивтік функциялардың (назар, жады, қабылдау) жұмыс модельдері әзірленді, тіпті комадағы пациенттердің сана деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін нейротехнологиялар пайда болды. Бұл жетістіктер сана феноменінің субъективтілігін толық ашпаса

да, оның жұмыс істеу механизмдерін түсінуде үлкен қадам жасады. Екіншіден, сананың эволюциялық құндылығы мен функциясын түсіндіруі, натурализм сананы биологиялық және когнитивтік тұрғыдан қарастыра отырып, оның табиғи текті екенін және танымдық процестердегі рөлін түсіндіреді. Бұл тәсілге сәйкес, сана эволюция барысында пайда болған жоғары деңгейдегі когнитивтік механизм. Ол жануарлар мен адамдарда қоршаған ортаға бейімделу үшін дамыған ақпараттық интеграция мен болжау құралы ретінде қарастырылады. Осылайша, когнитивтік натурализм қазіргі ғылыми зерттеулермен үндесіп жатқан философиялық бағыт. Ол сананы түсіндіруде прогреске қол жеткізді және болашақта да дамуын жалғастыруда.

Натуралистер сананың қажеттілігін эволюциялық тұрғыдан түсіндіреді. Сананың басты рөлі ақпаратты біріктіру, мінез-құлықтың икемділігін қамтамасыз ету, өзін-өзі рефлексиялау және болжау қабілетін арттыру. Бұл қасиеттер тіршілік иесінің өмір сүру мүмкіндігін күшейтеді. Осылайша, сананың болуы оның эволюциялық жетістігіне қосқан үлесімен ақталады. Бұл гипотеза әртүрлі жануарлардың когнитивтік қабілеттерін салыстыру арқылы дәлелденуі мүмкін. Сонымен қатар, бұл тәсіл ғылымдағы пәнаралық зерттеулерді ынталандырады және тексеруге болатын гипотезалар ұсынуға мүмкіндік береді. Когнитивтік натуралистер нейробиология, психология және компьютерлік модельдеуді белсенді түрде пайдаланады. Мысалы, «Жаһандық жұмыс кеңістігі» моделі адамның назарын еліктейтін компьютерлік агентте іске асырылған. Ал Джулио Тононидің интеграцияланған ақпарат теориясы сананың қай жүйеде болуы мүмкін екенін сандық тұрғыда болжайды және оны тәжірибе жүзінде тексеруге мүмкіндік береді. Мұндай конструктивті ғылыми орта сананы түсіндірудің дұрыс жолын табу ықтималдығын арттырады. Натурализм ашық талқылауларды қолдайды және фальсификация қағидасын сақтайды. Оның жақтаушылары өздерінің теорияларын жоққа шығаруға болатын етіп тұжырымдайды (мысалы, егер мидың болмауына қарамастан ойлай алатын субъект табылса, бұл физикалистік доктринаға соққы болар еді). Осы артықшылықтардың жиынтығы когнитивтік натурализмді тартымды зерттеу стратегиясына айналдырады. Ол өнімді, түсіндірмелік әлеуеті жоғары және ғылыми тұрғыдан негізделген әдіс ретінде қарастырылады.

Когнитивтік натурализмнің әлсіз жақтары. Негізгі сын натурализмнің қазіргі ғылыми теориялары сананың ең «құпиялы» немесе «сиқырлы» аспектісін субъективті тәжірибенің бар болу фактісін түсіндіре алмауында жатыр. Біз нейрондық механизмдер мен функцияларды қаншалықты нақты сипаттасақ та, әлі де «неліктен бұл нейрондық белсенділік біз үшін субъективті сезім тудырады?» деген сұрақ жауапсыз қалады. Өзірге ешбір ғылыми диаграмма немесе модель «біздің ауырсынуды немесе түстерді дәл солай сезінуіміздің себебін» нақты түсіндіріп бере алмайды. Тіпті кейбір материалист-философтар объективті және субъективті тәжірибенің арасындағы «түсіндіру алшақтығын» мойындайды. Кейбір сыншылар натуралистер сананың өзін емес, оған байланысты процестерді түсіндіреді деп санайды. Мысалы, Дэниел Деннеттің қарсыластары оның стратегиясы «qualia ұғымын жоюға» бағытталғанын айтады. Егер сананы жай ғана елес деп жариялап немесе оны компоненттерге (назар, жады т.б.) толық ыдыратып жіберсек, онда біз басты нәрсені, субъективті әлемнің тұтастығын жоғалтуымыз мүмкін. Осыдан шығатын тағы бір әлсіздік тым күшті редукционизм сананың күрделі мәселесін қарапайымдатып жіберуі мүмкін. Ғылым тарихында бұрын да «түсініксіз құбылысты» иллюзия немесе маңызсыз деп санап, кейін оның шын мәнінде маңызды екені анықталған жағдайлар кездескен. Егер когнитивтік натурализм жақтаушылары «біз жақын арада бәрін түсіндіреміз» деген сенімге тым беріліп кетсе, бұл ғылыми догмаға айналуы мүмкін. Сыншылар когнитивтік натурализмді ғылыми оптимизмнің шектен шығуы деп те бағалайды. Себебі қазіргі уақытта сананың феноменалды жағын түсіндіретін нақты көпір жоқ, ал мұндай уәделер отыз, тіпті қырық жыл бұрын да берілген еді. Сондықтан натурализм мәселенің толық шешілмеуі және оның тереңдігін елемеу тұрғысынан әлсіз позицияда деп сынға ұшырайды.

Мистериандықтың рөлі. Жаңа мистериандық көбіне пессимизмі үшін сыналса да, оның ғылыми-философиялық ізденіске қосатын жағымды жақтары бар. Ең алдымен, бұл көзқарас сананың шешілмеген жұмбағына назар аудартады. Мистериандық редукционистік түсіндірулерге немесе «иллюзия» деп жариялауға жол бермейді. Ол ғылымдағы жетістіктерді мойындай отырып, нейрондық белсенділіктің субъективті тәжірибемен неге бірге жүретінін біз әлі түсінбейтінімізді еске салып отырады. Осылайша, мистериандық сананың жұмбағын ерте шешілген мәселе ретінде жабуға мүмкіндік бермейді. Бұл интеллектуалды адалдық пен сабырлық ғылым үшін құнды қасиеттер. Тарих бізге кейде күрделі проблемалардың «жоққа шығарылғанын», бірақ кейін олар шын мәнінде маңызды болып шыққанын көрсетеді. Мистериандық осындай қателіктерден сақтануға көмектеседі. Сонымен қатар, қалыптасқан тәсілдердің шектеулерін мойындау жаңа идеялардың пайда болуына түрткі болуы

мүмкін. Бір қызығы, «тығырыққа тірелуді» мойындау инновацияларды ынталандырады. Егер адамның табиғи интеллекті сананы түсіне алмаса, онда жасанды интеллект көмектесе ала ма? Немесе танымның шекарасын кеңейтетін мүлдем жаңа тәсілдер қажет пе? Бұл сұрақтар қазір белсенді талқыланып жатыр және олардың пайда болуына мистериандықтың әсері ерекше. Бұдан бөлек, мистериандық метатеориялық рефлексияны (теориялардың шектеулерін бағалауды) дамытады. Ол «біз неге сананы түсіндіре алмай отырмыз?» деген сұрақты тереңірек қарастыруға мәжбүр етеді. Кейбір баламалы теориялар (панпсихизм, кванттық гипотезалар, нейрофеноменология) дәл осы мәселенің күрделілігін мойындаудың нәтижесінде пайда болды.

Когнитивтік натурализм сананың нейрондық негіздерін зерттеуде өнімді, ғылыми тұрғыдан дұрыс әдіс болып қала береді. Ол пәнаралық зерттеулерді біріктіреді, теорияларды тексеруге мүмкіндік береді және эволюциялық тұрғыдан негізделген гипотезалар ұсынады. Алайда, оның әлсіздігі, субъективті тәжірибенің қалай және неге пайда болатынын нақты түсіндіре алмауында. Ал мистериандықтың негізгі артықшылығы сананың терең құпиясын назардан тыс қалдырмауында. Ол редукционистік тенденцияларға қарсы тұрады, проблеманың күрделілігін мойындайды және жаңа, дәстүрлі емес шешімдерді іздеуге ынталандырады. Осылайша, когнитивтік натурализм мен мистериандық сананы түсінуге әртүрлі, бірақ бір-бірін толықтыратын көзқарастар ұсынады.

Мистериандық көзқарасты эпистемологиялық қарапайымдылық пен адам білімінің шектеулері туралы реализмнің көрінісі ретінде қарастыруға болады. К. Макгинн мен оның әріптестері миды зерттеуді тоқтатуға шақырмайды керісінше, олар эмпирикалық жаңалықтарды жоғары бағалайды, бірақ олардың ұстанымы бойынша, тіпті миды толық картаға түсіру немесе мидың толық картасын жасау сананың сырын ашуға кепілдік бермейді. Мұндай көзқарас зерттеушілерді әдістемелік қателіктерден және артық үміттен сақтайды. Егер ғалымдар мүмкін болатын шектеулерді түсінсе, олар қорытындылар жасауда сақ болады.

Қорытындылай келе, мистериандық бағыттың басты артықшылығы, сананы ерекше феномен ретінде мойындауы және «Неліктен сана бар?» деген сұрақты күн тәртібінен түсірмеуі, жауап болмаса да. Бұл позиция ғылыми жеңісшілдікке қарсы теңдік орнатып, ойлау шеңберін кеңейтуге итермелейді. Дегенмен, мистериандық көзқарастың әлсіз тұстары да жоқ емес. Олардың басты кемшілігі, танымдық жабықтық тұжырымдамасының пессимистік сипаты және нақты зерттеу бағдарламасының болмауы. Сыншылар мистериандықтың басты қағидасы «адам сананы ешқашан түсінбейді» деп тұжырымдауы дәлелдермен расталмаған болжам екенін айтады. Иә, сананың проблемасы өте күрделі, бірақ ғылым тарихы бізге бұрын шешілмейтін болып көрінген мәселелердің ақыры шешімін тапқанын көрсетеді. Сананың мәселесі ерекше деп айта алмаймыз, оны мәңгілік құпия деп жариялау өзін-өзі ақтайтын көріпкелдікке айналуы мүмкін. Егер адамдар оны түсіндіруге тырысудан бас тартса, шын мәнінде мәселе шешілмейтіндей болып қалады. П. Черчленд дұрыс атап өткеніндей, «Қайшылықтан қашу үшін мен екі прагматикалық ұстанымды басшылыққа аламын. Біріншіден, қайшылық туралы сұрақ қоюдың орнына, «Ми «Мен» ұғымын қалай қалыптастырады?» деп сұраймын, бұл қайшылықты біршама алыстатады. Екіншіден, ең алдымен деректерге сүйену керек, ал қайшылықтар өз бетінше шешіле жатар. Нейрофилософ ретінде менің болжамым, нейроғылым біршама анық бола бастағанда, қайшылықтардың өзі жойылып кетуі мүмкін» [13]. Әйтпесе, егер ғасырлар бойы физика, математика, медицина, биология және т.б. ғылым салаларында ол мәселені біз шеше алмаймыз деген пікір үстемдік құрса, ешқашан дамымас едік. Сол сияқты, сананы зерттеуден бас тарту ғылымның дамуын тоқтатып тастауы мүмкін.

Тағы бір кемшілік, мистериандық көзқарастың фальсификацияланбайтындығы. Егер мәселенің шешімі табылмаса, «адам санасын түсіне алмайды» деген тұжырымды не дәлелдеуге, не теріске шығаруға болмайды. Ал егер бір күні шешім табылса, бұл позиция жай ғана пікір болып қала береді, бірақ ғылымға ешқандай үлес қоспайды. Осылайша, мистериандық «сенім» ретінде көрінеді, бірақ нақты теория ретінде негізделмейді. Ғылыми тұрғыдан алғанда, гипотезалар тәжірибе арқылы тексерілетін болжамдар жасағанда ғана құнды. Ал мистериандық тек «біз әрі қарай да ештеңе білмейміз» дегеннен аспайды, бұл ғылыми әдіснама үшін тиімсіз. Кейбір ғалымдар мистериандықты «интеллектуалды жалқаулық» деп те атайды. Олардың пікірінше, жаңа түсініктер іздеудің орнына, мистериандық жақтаушылары бізді жұмбақтың алдында мойынұсынуға шақырады. Бұл уақытынан бұрын берілуді білдіреді, ал бұл ғылыми рухқа сай емес екенін біз сіздермен білеміз. Тағы бір маңызды жайт, егер мистериандық адам білімінің шектеулерін мойындаса, онда олардың өз тұжырымы да сол шектеулерге ұшырайды. Яғни, олардың «біз ешқашан сананы түсінбейміз» деген мәлімдемесі де жай ғана болжам. Когнитивтік натуралистер бұл мәселеде мистериандықтарды қатты

сынға алады. Егер ғылым бәрін түсіндіре алады деген сенім ғылыми догма болса, онда «біз ешқашан түсінбейміз» деген сенім де солай. Екеуінің де ақиқаттығы дәлелденбеген, бірақ біріншісі кем дегенде зерттеу жүргізуге ынталандырады, ал екіншісі ғылымды тоқырауға алып келуі мүмкін. Осылайша, мистериандықтың басты әлсіз тұстары оның тұйықтығы, әдіснамалық тұрғыдан тиімсіздігі және ғылымды тежей алатын әсері.

Когнитивтік натурализм мен мистериандықтың қарама-қайшылығын қарастырайық. Когнитивтік натурализм мен мистериандықтың күресі шын мәнінде, екі дүниетаным арасындағы қақтығыс. Ғылыми прогреске деген оптимизм мен шектеулерге деген скептицизм. Когнитивтік натуралистер мистериандықтарды мәселені мистификациялауда және иррационализмді қолдауда айыптайды. Ал мистериандықтар керісінше, олар ешқандай табиғаттан тыс күштерді енгізбейтінін, тек адам ақыл-ойының шектеулерін қарастыратынын алға тартады. Мистериандықтардың пікірінше, натуралистер ғылыми догматизмге ұрынып, «ғылым бәрін түсіндіре алады» деген сенімге сүйенеді. Когнитивтік натуралистер кейде мәселені мүлде басқа қырынан қарастыру қажет екенін алға тартады. Мәселе шешілмейтін болып көрінетін себебі, біз оны дұрыс қоймаған болуымыз мүмкін деген пікір айтады. Бұл тұрғыда иллюзионизм бағыты ерекше көзқарас ұсынады. Д. Деннет пен К. Фрэнкиш сияқты ғалымдар «сананың түсініксіздігі», миымыздың когнитивтік иллюзиясы деген пікірде. Яғни, біздің жеке тәжірибемізді ерекше және түсініксіз деп қабылдауымыз сананың емес, мидың ерекше қасиеті. Егер бұл рас болса, онда ғылымның міндеті осы иллюзияны ашу, миымыздың неліктен өз тәжірибесін ерекше деп санайтынын түсіндіру. Мистериандықтар бұл пікірге былай деп жауап береді, сананы иллюзия деп атау оны түсіндіру емес. Себебі иллюзияның өзі де түсіндіруді қажет етеді. Мидың дәл осындай «қате» қабылдауды жасауына не себеп? Осы сұраққа жауап бермейінше, иллюзионистік көзқарасты толық түсіндік деп айта алмаймыз.

Жалпы алғанда, бұл пікірталаста екі жақтың да негізді аргументтері бар. Бірақ көптеген ғалымдар орта жолды таңдайды. Мысалы, Д. Чалмерс «сананың қиын мәселені» мойындай отырып, мистериандық көзқарасты ұстанбайды. Ол мәселенің шешімі бар деп сенеді, бірақ оны тек редукционизм арқылы шешу мүмкін емес деп санайды. Д. Чалмерс өзін «ғылыми дуалист» деп атайды, ол қазіргі ғылым шектеулі деп есептейді, бірақ жаңа идеялар арқылы мәселенің шешілетініне сенеді. Екінші жағынан, бірқатар нейробиологтар сананың жұмбағын толық мойындап, оны шешу оңай емес екенін түсінеді, бірақ бұл оларды мистериандыққа итермелемейді. Олар сананы зерттеуді жалғастыруда, тек процестің ұзақ әрі күрделі болатынын қабылдайды. Мүмкін, біз сананы түсіндіре аламыз, бірақ бұл үшін қазір бізге беймәлім жаңа ғылыми парадигмалар қажет болады. Кейбір аспектілерді түсіндіре алсақ та, субъективті тәжірибе ерекше феномен ретінде сақталып, оны сипаттау үшін жаңа теориялар мен парадигмалар керек болады.

Нейрофеноменология және сана мәселесі. Соңғы жылдары синтезге ұмтылыстар байқалуда, мысалы, нейрофеноменология бағыты (Ф. Варела және т.б.) объективті нейроәдістерді субъективті тәжірибенің терең феноменологиялық талдауымен біріктіруге тырысады [14]. Осылайша, бірінші және үшінші жақтың арасындағы көпінші кұруға талпыныс жасалуда. Мұндай жобалар екі бағыттың да мықты жақтарын біріктіреді, субъективті сипаттаудың егжей-тегжейлілігі мен нейрофизиологияның қатандығы қазірдің өзінде жігерлендіретін нәтижелер берді. Бұл қарама-қарсы ұстанымдардың өзара тиімді әрекеттесе алатынын көрсетеді. Когнитивтік натурализм әдістеме мен прогресті қамтамасыз етеді, ал мистериандық философиялық тереңдік пен дұрыс сұрақ қоюды ұсынады. Өзара сын оң рөл атқарып, даулы мәселелерді айқындап, жаңа идеялардың қалыптасуына серпін берді.

Бұл зерттеу когнитивті натурализм мен мистериандықтардың аргументтерін салыстыра отырып, қазіргі сана туралы түсінігіміздің шекараларын айқындауға үлес қосады. Қай аспектілер ғылыми зерттеуге қолжетімді (корреляциялар, функциялар, модельдер), ал қайсысы әлі де концептуалды тұрғыда белгісіз болып отырғаны көрсетілді (санадағы тәжірибе феномені немесе сезінудің субъективті сапасы). Әрбір позицияның негізделуі мүмкін жағдайлар анықталды, эмпирикалық жетістіктер мен редукциялық түсіндірмелер болған кезде натуралистік оптимизм орынды, ал түсіндірмелік алшақтық пен ұғымдардың жеткіліксіздігі бар жерде мистериандық скептицизм орынды. Осылайша, сананы түсіну үшін стратегияларды біріктіру қажеттілігі байқалады, қарқынды нейробиологиялық зерттеулерді философиялық тұрғыдан қайта қарастырумен ұштастыру. Субъективті тәжірибенің шынайылығы және оның белгілі физикалық параметрлерге толықтай келмейтінін мойындау бұл оның ғажайып екенін білдірмейді, керісінше, ғылым өзінің шекарасын кеңейтуі қажет екенін көрсетеді. Екінші жағынан, қазіргі таңдағы сана туралы білімнің шектеулілігі,

біздің ізденісімізден бас тартуды білдірмейді, керісінше, шығармашылық және пәнаралық тәсілдерге итермелейді. Сананы зерттеудегі ғылыми бәсекеде оптимистер мен скептиктер бір-біріне адал оппонент ретінде қызмет етіп, артық жеңілдетуден немесе ғылымға қарсы нигилизмнен сақтайды. Дәл осы диалектикалық өзара әрекеттесу прогрестің көзі екенін көрсетеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу «Нәліктен сана бар?» деген сұрақтың қазіргі ғылым аясында қарапайым жауабы жоқ екенін растайды. Алайда, когнитивті натурализм мен мистериандық сияқты екі шекті ұстанымды қарастыру арқылы бұл мәселенің күрделілігін тереңірек түсінуге болады. Бұл көзқарастар белгілі бір қарама-қарсылықты білдіреді. Біріншісі, сананы ғылыми тұрғыдан толық түсіндіру мүмкіндігіне сену, ал екіншісі, адамның өзінің санасының табиғатын түсіне алмайтынына сену. Ғылым тарихы көрсеткендей, ақиқат көбінесе осындай шектен тыс көзқарастардың ортасында жатады. Бұл жұмыстың негізгі тұжырымдары төмендегі қағидаттарға негізделген:

– сана табиғаттағы ерекше күрделі құбылыс, оны түсіндіруге бағытталған әртүрлі теориялар бар. Когнитивті натурализм ғылыммен тығыз байланыста және бірқатар маңызды жаңалықтарға әкелді (сананың модельдері), бірақ ол объективтілік пен субъективтілік арасындағы басты алшақтықты жойған жоқ (түсіндірмелік алшақтық). Мистериандық ол алшақтықты орынды атап көрсетеді және жаңа идеялардың қажеттілігін алға тартады, алайда оның пессимистік көзқарасы дәлелденбеген және ғылым тарихына сүйенсек, артық болуы мүмкін. Когнитивті натуралистер мен мистериандықтар арасындағы конструктивті диалог маңызға ие. Өзара сын ғылымға феноменологиялық тәжірибені елеусіз қалдырмау қажеттігін көрсетті, ал философиялық скептицизм ғылымның дамуына тежеу болмайтынын түсіндірді;

– нәтижелердің практикалық маңызына келетін болсақ, нейроғылымда сананы түсіндіру шекараларын айқындап зерттеу нәтижелерді дұрыс түсіндіруге көмектеседі. Жасанда интеллектің шынайы санасы бар ма, әлде тек адам санасының көрінісін жасай ма? деген сұрақ маңызды этикалық және онтологиялық салдарға ие. Философияда когнитивтік натурализм мен мистериандықты талдау сананы зерттеудегі болашағы бар және тығырыққа тірелетін гипотезаларды айқындауға көмектеседі.

Осылайша, сананың табиғатын түпкілікті түсіну әлі мүмкін болмаса да, бұл мәселе бойынша білімді жүйелеу бағытында маңызды қадам жасалды. Болашақ зерттеулер келешегі философтар, нейробиологтар, психологтар және ЖИ мамандарының күш-жігерін біріктіруге жатыр. Бұл салада бізге мидың физикалық күрделілігін және сананың сапалық бірегейлігін ескеретін жаңа ғылыми парадигма қажет. Кейбір ғалымдар атап өткендей, таңғажайып нәрселер көбінесе «күрделі үйлесімнің» көрінісі. Мүмкін, сана табиғаттан тыс құбылыс емес, керісінше, ерекше күрделі табиғи құбылыс, оған сәйкес келетін сондай күрделі түсіндіруді талап етеді. Болашақта «Нәліктен сана бар?» деген сұраққа жауап мынандай болуы мүмкін, белгілі бір ұйымдасу деңгейінде материя тек әрекет етіп қана қоймай, оны сапалы сезіне де алады. Басқаша айтқанда, сана ғалам эволюциясының нәтижесі, оның барысында кейбір жүйелер тек сыртқы әрекет етумен шектелмей, сонымен қатар ішкі субъективті әлемге ие бола алады. Оның ғылыми тұрғыдан негізделуі үшін сана туралы ғылыми гипотезаларды, эволюция теориясын, ми нейрофизиологиясын және субъективті тәжірибе философиясын біртұтас тұжырымдамалық кестеге біріктіру қажет. Бұл жолмен жүре отырып, біз біртіндеп сананың табиғаты туралы шындыққа жақындаймыз бұл ең керемет жұмбақтардың бірі, ол бізді бір уақытта интеллектуалды батылдық пен шексіздіктің алдында кішіпейілділікке үйретеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Чалмерс Д. Сознующий ум / Д. Чалмерс. — М.: УРСС, 2018. — 400 с.
- 2 Нагель Т. Что значит быть летучей мышью? / Т. Нагель. — М.: Логос, 2017. — 144 с.
- 3 Levine J. Materialism and qualia: the explanatory gap. Pasifik Filosofikal Kwaterli / J. Levine // Pacific Philosophical Quarterly. — 1983. — № 64(4). — P. 354-361.
- 4 Даннет Д. Объясняя сознание / Д. Даннет. — М.: УРСС, 2001. — 432 с.
- 5 Churchland P.S. The hornswoggle problem / P.S. Churchland // Journal of Consciousness Studies. — 1996. — № 3(5-6). — P. 402-408.
- 6 McGinn C. Can we solve the mind-body problem? / C. McGinn // Maind — Mind. — 1989. — № 98 (391). — P. 349-366.
- 7 McGinn C. The problem of consciousness / C. McGinn — Oxford: Basil Blackwell, 1991.

- 8 Baars B.J. A cognitive theory of consciousness / B.J. Baars. — Cambridge: Cambridge University Press, 1988.
- 9 Dehaene S. Consciousness and the brain: Deciphering how the brain codes our thoughts / S. Dehaene. — New York: Viking, 2014.
- 10 Tononi G. Consciousness as integrated information: A provisional manifesto / G. Tononi // The Biological Bulletin. — 2008. — № 215(3). — P. 216–242.
- 11 Strawson G. Realistic monism: Why physicalism entails panpsychism / G. Strawson // Journal of Consciousness Studies. — 2006. — № 13(10-11). — P. 3–31.
- 12 Frankish K. Illusionism as a theory of consciousness / K. Frankish // Journal of Consciousness Studies. — 2016. — № 23(11-12). — P. 11–39.
- 13 Churchland P.S. The Brain and Its Self / P.S. Churchland / Proceedings of the American Philosophical Society. — 2011. — № 1. — P. 41–50.
- 14 Варела Ф. Дж. Отелеснённый ум. Когнитивная наука и человеческий опыт. / Ф. Дж. Варела, Эван Томпсон, Элеонор Рош. — М.: Сохраним Тибет, 2023. — 456 с.

Д.К. Кусбеков

Проблема сознания: когнитивный натурализм и мистерианство

В статье исследуется философская проблема сознания и обсуждается вопрос: «Почему существует сознание?». Рассматриваются две противоположные позиции, когнитивный натурализм и новое мистерианство (New Mysterianism) в контексте современных дебатов о трудной проблеме сознания. Цель исследования, прояснить сильные и слабые стороны каждого подхода и наметить пути их возможного примирения. Для достижения этой цели я использую комплекс методов. Аналитический (разбор ключевых понятий и аргументов), феноменологический (учёт субъективного опыта как данности), историко-философский (прослеживание развития взглядов от дуализма до современных теорий), компаративный (сравнение позиций натуралистов и мистериан), критический (оценка аргументов на состоятельность) и рефлексивный (размышление о границах познания). Результаты показывают, что когнитивный натурализм, опираясь на данные эволюционной биологии и нейронауки, предлагает научные объяснения возникновения сознания, тогда как мистерианство утверждает принципиальную непостижимость феномена сознания для человеческого интеллекта. Обсуждаются альтернативные подходы (дуализм, панпсихизм, информационные теории, элиминативизм, феноменология) и новейшие исследования, стремящиеся преодолеть разрыв между объективной реальностью и субъективным опытом. Выводы, хотя ни один из лагерей не даёт окончательного ответа на вопрос о природе сознания, их диалог способствует углублению понимания проблемы. Признание сложности сознания требует сочетания эмпирического оптимизма и эпистемологической скромности, вероятно, разгадка сознания потребует новых научных парадигм, интегрирующих объективные и субъективные аспекты опыта.

Ключевые слова: сознание, когнитивный натурализм, мистерианство, трудная проблема сознания, объяснительный разрыв, нейронаука, эволюционная биология, феноменальный опыт, qualia, панпсихизм, дуализм, информационные теории сознания, элиминативизм, нейрофеноменология.

D.K. Kusbekov

The problem of consciousness: cognitive naturalism and mysterianism

The article explores the philosophical problem of consciousness and discusses the question: “Why does consciousness exist?” Two opposing positions are considered cognitive naturalism and New Mysterianism in the context of contemporary debates on the hard problem of consciousness. The purpose of the study is to clarify the strengths and weaknesses of each approach and to outline ways of their possible reconciliation. To achieve this goal, I use a set of methods: the analytical method (analysis of key concepts and arguments), the phenomenological method (taking subjective experience as a given), the historical-philosophical method (tracing the development of views from dualism to contemporary theories), the comparative method (comparing the positions of naturalists and mysterians), the critical method (assessing the soundness of arguments), and the reflexive method (reflecting on the limits of knowledge). The results show that cognitive naturalism, based on evolutionary biology and neuroscience, offers scientific explanations for the emergence of consciousness, whereas mysterianism asserts the fundamental unknowability of the phenomenon of consciousness to the human intellect. Alternative approaches are discussed (dualism, panpsychism, information theories, eliminativism, phenomenology), as well as recent research efforts aimed at bridging the gap between objective reality and subjective experience. The conclusions indicate that although neither camp provides a final answer to the question of the nature of consciousness, their dialogue contributes to a deeper understanding of the problem. Recognizing the complexity of consciousness requires a combination of empirical optimism and epistemological humility. It is likely that the key to solving the mystery of

consciousness will require new scientific paradigms that integrate both objective and subjective aspects of experience.

Keywords: consciousness, cognitive naturalism, mysterianism, hard problem of consciousness, explanatory gap, neuroscience, evolutionary biology, phenomenal experience, qualia, panpsychism, dualism, information theories of consciousness, eliminativism, neurophenomenology.

References

- 1 Chalmers, D. (2018). *Soznaiushchii um* [The conscious mind]. Moscow: URSS [in Russian].
- 2 Nagel, T. (2017). *Что значит быт летучей мыши?* [What is it like to be a bat?]. Moscow: Logos [in Russian].
- 3 Levine, J. (1983). Materialism and qualia: The explanatory gap. *Pacific Philosophical Quarterly*, 64(4), 354–361.
- 4 Dennett, D. (2001). *Объяснивая сознание* [Consciousness explained]. Moscow: URSS [in Russian].
- 5 Churchland, P.S. (1996). The hornswoggle problem. *Journal of Consciousness Studies*, 3 (5-6), 402–408.
- 6 McGinn, C. (1989). Can we solve the mind-body problem? *Maind — Mind*, 98 (391), 349–366.
- 7 McGinn, C. (1991). *The problem of consciousness*. Oxford: Basil Blackwell.
- 8 Baars, B.J. (1988). *A cognitive theory of consciousness*. Cambridge: Cambridge University Press.
- 9 Dehaene, S. (2014). *Consciousness and the brain: Deciphering how the brain codes our thoughts*. New York: Viking.
- 10 Tononi, G. (2008). Consciousness as integrated information: A provisional manifesto. *The Biological Bulletin*, 215(3), 216–242.
- 11 Strawson, G. (2006). Realistic monism: Why physicalism entails panpsychism. *Journal of Consciousness Studies*, 13(10-11), 3–31.
- 12 Frankish, K. (2016). Illusionism as a theory of consciousness. *Journal of Consciousness Studies*, 23(11-12), 11–39.
- 13 Churchland, P.S. (2011). The brain and its self. *Proceedings of the American Philosophical Society*, 155(1), 41–50.
- 14 Varela, F.J., Thompson, E., & Rosch, E. (2023). *Отеlesнионnyi ум: Когнитивная наука и человеческий опыт* [The embodied mind: Cognitive science and human experience]. Moscow: Sokhranim Tibet. [in Russian]

Автор туралы мәлімет

Кусбеков Думан — философия ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, журналистика және әлеуметтік ғылымдар факультеті, философия кафедрасы, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0003-3447-6210>

Information about the author

Kusbekov Duman — Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor, Department of Philosophy, Faculty of Journalism and Social Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-3447-6210>